

ӘОЖ 258.48

**«BALAPAN» ТЕЛЕАРНАСЫНДАҒЫ МУЛЬТФИЛЬМДЕР МЕН  
ТЕЛЕХИКАЯЛАР ӨНДІРІСІ**

**Егізова Айдын Дүйсенбайқызы**  
[aidyn.yegizova@rtk.kz](mailto:aidyn.yegizova@rtk.kz)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің ІІ курс  
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Б.Шиндалиева

Еліміздегі балаларға арналған тұңғыш отандық телеарна «Balapan» арнасы «Бақытты балалық мекені» ұранын алға тартып, 2010 жылы іске қосылды. Содан бері ақпарат айдынында түрлі танымдық контент ұсынып келеді. Эфирде 17 сағат хабар таратады. Телеарна «Otau TV» жерсеріктік желісі арқылы тегін пакетте ел аумағына толық тарайды. «Otau TV-да» «Balapan» телеарнасын 1,5 млн-ға жуық абонент, ал кабельдік хабар тарату операторлары арқылы 1 млн-ның үстіндегі абонент көреді. Яғни, ел халқының 20 пайызға

жуығы «Balapan» арнасын тамашалайды. Сонымен бірге, халықтың 85 пайызға жуығы «Balapan» телеарнасын сандық жерүсті телехабар тарату желісі арқылы да тамашалай алады. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Balapan» телеарнасының жас категориясы 0 +12-ден 0 +8-ге ауысты. Осыған орай апталық эфир кестесіндегі анимациялық жобалардың үлесі 60%-дан 80%-ға артты. Оның 50%-ы - дубляждалған телеөнімдер болса, 30%-ы - отандық анимация өнімдері.

2011 жылы арнаның «Ғажайыпстанға саяхат» атты алғашқы анимациялық жобасы жарық көрді. Аяжан мен Елдос есімді кішкентай кейіпкерлердің шытырман оқиғаларын баяндайтын бұл танымдық мультхикая бүлдіршіндерге ана тілін насихаттауда, қоршаған ортаны таныстыруда және адами құндылықтарды дәріптеуде маңызды тәрбие құралы болды. 2012 жылы «Үш достың ерлігі», «Балдырған», «Құтқарушы Ақылбек», «Ол кім? Бұл не?» атауымен жарыққа шыққан анимациялық өнімдер «Balapan» телеарнасының отандық анимация өндірісіне қосқан ауқымды үлесі болды.

Қай кезде де бүлдіршіндерге ізгі құндылықтарды сіңірудің ең озық тәсілі – анимациялық жобалар екені белгілі. «Balapan» арнасы он жыл ішінде 2037 бөлімнен тұратын жалпы саны 67 анимациялық жоба дайындап, эфирге шығарды. Жалпы хронометражы - 17 747 минут.

Арна ана тілінде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихты терең түсінуге мүмкіндік беретін, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге ықпал ететін жобаларды өндіріп келеді. Мәселен, 2018 жылы зұлымдық пен әділдік күресін суреттейтін, қазақ мифологиясының негізіне құрылған 10 бөлімді «Айдар», 20 күйдің тарихынан шыр шертетін 20 бөлімнен тұратын «Қоңыр қаз», ел тарихындағы айтулы тұлғалардың өмірі мен еңбектерін, қиындықтары мен жеткен жетістіктерін балаға ұғынықты тілде түсіндіретін 20 бөлімді «Дара тұлға», қазақ халқының тәрбиелік мәні зор, ұрпаққа өнеге болатын нақыл сөздеріне негізделген «Бабалар сөзі» (30 бөлім) анимациялық жобалары жасалса, 2019 жылы ел ауызында жүрген, әлем әдебиетінде шоқтығы биік балалар жазушыларының ертегілерін баяндайтын «Ғажайып әлем» (10 бөлім), оқиға желісі бойынша қазақ ертегілері мен әлемдік классикалық ертегілердің синтезі саналатын «Күлкі іздеген Күнекей» (10 бөлім), Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасындағы жылқы сипатын ашатын «Пырақтар» (10 бөлім), тарихи «Ағаш ат» күйінің желісіне құрылған «Ағаш ат» (5 бөлім) мультсериялары мен «Айдар» мультсерияларының II және III маусымдары (II маусым – 10 бөлім, III маусым – 6 бөлім) көрермендерге жол тартты. 2020 жылы «Қалалар мен балалар» (15 бөлім), «Әріптер қаласы» (32 бөлім), «Сақалар» (10 бөлім), «Ырысты ыдыстар» (20 бөлім), «Алпамыс» (10 бөлім), «Әл-Фараби» (10 бөлім) жобалары жасалады.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ел тарихындағы маңызды оқиғалардан сыр шертетін «Менің елім» және «Бабалар ізі» анимациялық жобалары жарық көрді. Сонымен қатар, «әлемнің екінші ұстазы» Әл-Фарабидің ғылымға келу жолын баяндайтын «Әл-Фараби» анимациялық сериалы да көрерменге жол тартты. Бұл – ғұламаның 1150 жылдығына орай дайындалған арнайы жоба. «Balapan» телеарнасы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы негізінде биыл 10 бөлімнен тұратын «Қызғалдақтар мекені» атты анимациялық сериал түсірді. Елбасы мақаласында Шу, Іле тауларынан өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын кездестіруге болатыны айтылады. «Қызғалдақтар мекені» жобасында Қазақ топырағында өсіп, әлемге таралған гүлдің ерекшеліктері туралы жеткізіледі [1]. Жоба желісі бойынша айықпас дертке шалдыққан Голландия елінің сұлу да мейірімді ханшайымын Алатаудың баурайында өсетін ерекше гүлдің қайнатпасымен ғана емдеуге болады. Қайтсем де қызғалдақтар мекеніне жетем деген ханзада нөкерлерімен бірге алыс сапарға аттанып, шытырман оқиғаларға тап болады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында айтылған қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму идеялары негізінде арнайы тележобалар түсірілді. Атап айтсақ,

бүлдіршіндерге экологиялық мәдениет жайын түсіндіретін «Әткеншек» және өзен-көлдердің ластану мәселесі туралы «Су астындағы оқиға» анимациялық сериалдары жол тартты [2].

«Balapan» телеарнасы 2020 жылдан бастап жас ұрпақтың санасына отансүйгішік, батылдық сынды ізгі қасиеттерді сіңіру мақсатында батырлар жырын анимациялауға басымдық бере бастады. Бұл бағытта «Алпамыс» пен «Қобыланды батыр» жырлары негізінде екі тарихи-танымдық анимациялық жоба әзірленді. «Қобыланды батыр» жобасында бас кейіпкер нағыз қаһарманға тән мінез-құлқы, ерлік істерімен көрерменнің рухын оятады. 10 бөлімнен тұратын «Алпамыс» анимациялық мультхикаясының желісі бойынша Қазақ даласын қою қараңғылық басқан кезде халықтың жүрегіне үміт ұялатқан батыр дүниеге келеді. Ол жерге төнген қалың қара бұлтты қақ жарған сәуле іспетті ел-жұртын зұлым күштерден қорғап, қиын-қыстау кезеңнен аман-сау алып шығады. «Алпамыс» 2020 жылы «Аmen Animation «халықаралық кинофестивалінің «Үздік қоюшы суретші» номинациясының жеңімпазы атанды. Әрқайсысы 7 минуттан тұратын 12 бөлімді «Бабалар ізі» анимациялық сериалында ел тарихындағы маңызды оқиғаларды балаларға Бал-бал тастың әңгімелері арқылы түсіндіреді. Кішкентай кейіпкерлер оған әр баланы қызықтыратын сұрақтар қойып, тақырыпты жан-жақты ашуға тырысады. «Менің елім» мультхикаясында Тәуелсіз Қазақстанның білім, спорт, өнер сынды әр саладағы ең үлкен жетістіктері, ел мерейін асырған елеулі оқиғалары суретші қарттың немересіне айтқан әңгімелері негізінде баяндалады. 20 сериялық «Ырысты ыдыстар» – қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, оларды қолдану жолдарымен таныстыратын танымдық анимациялық жоба. Бас кейіпкерлер – анимация арқылы жанданған ыдыстар. Әр сериясында сүйкімді Ожау, Торсық, Тостаған үшеуі өздері сынды жаңа достар тауып, тосын оқиғаларға тап болады. Оларға дұрыс кеңес беріп, жол көрсететін Шаңырақ ақсақал мен Саба ана бар.

*«Balapan» телеарнасының 10 жыл ішінде түсірген телехикаялар тізімі:*

- «Томпақ» телехикаясы - 2013 ж., (12 серия, 30 минут)
- «Томпақ» телехикаясы - 2014 ж., (12 серия, 30 минут)
- «Санжар мен Қайсар» ситкомы – 2013 ж., (36 серия, 30 минут)
- «Қалқанқұлақ» телехикаясы - 2017 ж., (12 серия, 42 минут)
- «Теңбіл доп» телехикаясы – 2018 ж., (15 серия, 40 минут)
- «Тентек» телехикаясы - 2018 ж., (15 серия, 40 минут)
- «Көке» ситкомы - 2018 ж., (25 серия, 15 минут)
- «А4/Ағайынды төртеу» ситкомы – 2018 ж., (30 серия, 20 минут)
- «Қуыр, қуыр, қуырмаш!» ситкомы - 2017 ж., (38 серия, 15 минут)
- «Сынық сынып» ситкомы – 2018 ж., (10 серия, 20 минут)
- «Ауыл жұлдыздары» телехикаясы – 2019 ж., (12 серия, 40 минут)
- «Күлдір-бүлдір» ситкомы 2017 ж.,- 70 серия (70 серия, 15 минут)
- «Dostar/Кішкентай қаһармандар» телехикаясы – 2019 ж., (12 серия, 40 минут)
- «Сынық сынып» ситкомы - 2019 ж., (10 серия, 20 минут).

«Ғажайыпстанға саяхат» туындысымен қоса, «Әли мен Айя», «Санжар мен Қайсар», «Томпақ» отандық мультхикаяларын балалар әлі күнге дейін қызығып тамашалайды. Алғашқы ситком «Санжар мен Қайсар» да сәтті шыққан заманауи жобалардың бірі болды. Ал фантастика жанрындағы «Томпақ» телехикаясының жарық көруі – «Balapan»-ның жаңа мүмкіндіктерін ашты, сапалық тұрғыда жоғары деңгейге көтерілгенін, жаңа жанрды игергенін дәлелдеді. «Balapan» телеарнасы телевизия саласында өзіндік орны бар «САҚ жебе» ЖШС, «Adam Media Group» ЖШС, «ЖАҢА АРНА MEDIA GROUP» ЖШС, «Gold cinema Group» ЖШС, «Araу media group» ЖШС, «Студия ТТЗ» ЖШС, «Қазақстан аниматорларының ассоциациясы» ҚБ, «Taspa films» ЖШС сынды алдыңғы қатарлы компаниялармен жұмыс істейді.

«Balapan» арнасының эфир кестесінде Қазақстан Республикасы аумағында хабар тарататын бірқатар шетелдік балалар арналарында көрсетілетін рейтингтік анимациялық жобалар ұсынылған. Атап айтқанда, телеарна көрермендері «Мульт», «Nick», «Tiji»

каналдарынан берілетін мультфильмдерді қазақ тілінде тамашалап жүр. Қазір аталған үш арнаның эфирінен көрсетіліп жүрген «Ми-ми-мишки» («Сүйкімді қонжықтар»), «Лео и Тиг» («Лео мен Тиг»), «Даша путешественница» («Саяхатшы Дара»), «Щенячий патруль» («Құтқарушы күшіктер»), «Я и мой робот» («Мен және менің роботым»), «Медведи Гамми» («Гамми аюларының бастан кешкендері»), «Зак Шторм» («Зак дауыл»), «Виспер», «Грузовичок Лева» («Құрастырушы Лева»), «Сисси», «Тайо», «Дуда и Дада» («Дуда мен Дада»), «Пчелка Мая» («Майя»), «Питер Пэн», «Венди», «Фиксики» («Білгіштер»), «Врумиз» («Желден жүйрік көліктер»), «Лего: Friends» («Құрбылар»), жалпы алғанда, 25 анимациялық сериал сапалы дубляж жасалып, қазақ тілінде көрсетілуде. Бұл мультфильмдердің жалпы хронометражы – 21 680 минутты құрайды.

Оларды өндіретін «The Walt Disney company», «Aardman Animations Limited», «The PGS Company», «Discovery media ventures limited», «Access Media Group», «Hasbro studios», «Silver Box Limited», «Signal media», «Studio 100 mediagmbh», «ZDF Enterprises», «Acamar Films Limited», «ICONIX Co., Ltd» сынды алпауыт компаниялар. 2010 жылдан бері кішкентай көрермендеріміздің назарына 300-ге тарта шетелдік мультхикая ұсынылды. Осы орайда ерекше атап өтетін дүние – «Balapan» сатып алынатын өнімдердің мәдениетіміз бен танымымызға сәйкестігін жан-жақты саралап, көркемдік кеңес отырысында талқылайды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы
2. <http://www.akorda.kz> ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауы.
3. [www.balapan.tv](http://www.balapan.tv).